

жазалады. Қуғын-сүргін елді интеллектуалдық әлеуетән әлсіретіп қоймай, адамдардың бойын үрей, қорқыныш, ертеңгі күнге сенбеу сияқты жағымсыз қылықтарды да ұялатты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. // Алтын Орда. Бас мақала. 2007, 31-мамыр-6 маусым.
2. Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. «Раритет», Алматы, 2010.
3. Мырзахметов М. Қызыл қырғын. //Жас Алаш, 2015, 10 қараша.
4. //Алтын Орда. 2007, 11-17 мамыр.
5. Мирзоян мен Кисилев кіміміз еді? //Ақтөбе, 2014, 16 қаңтар.
6. Нұртайұлы Ә. Мырзаянның мырзалығы мен 316 мыңнан астам адам атылды. //Жас алаш, 2013, 28 қараша.
7. Рахатқызы М. Қасіретті құжаттардың құпиялары. //Ақтөбе, 2015, 28 мамыр.

ҒТАМР 02.15.61

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДИЕВТІҢ “ҮШ АНЫҚ” ШЫҒАРМАСЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫ

Б.А. АМАНИЯЗОВА

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қаласы,
Қазақстан*

Аннотация: Бұл мақалада Шәкәрім Құдайбердиевтің қоғамдық – философиялық көзқарасында көрінетін ойшылдың дүниетанымын, көзқарастық идеяларын, яғни рухани әлемді білу. Шәкәрімнің туындыларынан автордың өзіндік дүниетанымын, суреткер ретіндегі қоғамдық қызыметін, өмірлік мақсат идеясын айқын тануға болатынын негіздей түседі. «Шәкәрімнің қоғамдық-философиялық дүниетанымдық көзқарастары, сан қилы өмір құбылыстары мен көріністеріне қатысты ой-сезімі дүниетанымдық көзқарастары, сан қилы өмір құбылыстары мен көріністеріне қатысты ой-сезімі, асыл армандары, көңіл-күйі, ынта-ықыласы бейнеленген, қоғамдық, әлеуметтік, философиялық, моральдық мәні бар».

Кілт сөздер: дүниетаным, рух, ұлт, мораль, өнер

Аннотация: В этой статье философские взгляды Шакарима Кудайбердиева отражают мировоззрение мыслителя, идею духовного мира, основанную на работах Шакарима, позволяющих четко определить собственное восприятие автора, общественную функцию художника, идею цели жизни. «Взгляды Шакарима на социально-философское мировоззрение, его мысли о широком спектре явлений и явлений жизни отражены в его взглядах на мировоззрение, его мыслях о многих явлениях и явлениях жизни, его мечтах, его увлечении, его увлечении, социальном, социальном, философском, это морально».

Ключевые слова: мировоззрение, дух, национальность, мораль, искусство

Annotation: In this article, ShakarimKudaiberdiev's philosophical views reflect the worldview of the thinker, the idea of the spiritual world. It is based on the works of Shakarim that it is possible to clearly define the author's own perception, the public function as an artist, the idea of the purpose of life. "Shakarim's views on social-philosophical outlook, his thoughts on a wide range of life phenomena and phenomena are reflected in his worldview views, his thoughts on many phenomena and phenomena of life, his dreams, his enthusiasm, his enthusiasm, social, social, philosophical, it is moral".

Key words: outlook, spirit, nationality, morale, art

Қазақ философиясы-қазақ халқының мәдени жетістіктерінің бөлігіжәне заңды жалғасы. Шәкәрім Құдайбердиевтің қоғамдық – философиялық көзқарасында көрінетін ойшылдың дүниетанымын, көзқарастық идеяларын, яғни рухани әлемді білу. Шәкәрім көрнекті өкіл болғандықтан, оның шығармашылық өсуі, көзқарасының қалыптасы, дүниетанымын бағдарлау,сараптау қиын емес. Себебі, оның бәрі ұлы ойшылдың, ірі-ағартушы-қайраткердің туындыларында мейлінше жеткілікті болып табылады.Шәкәрімнің туындыларынан автордың өзіндік дүниетанымын, суреткер ретіндегі қоғамдық қызыметін, өмірлік мақсат идеялын айқын тануға болатынын негіздей түседі: «Шәкәрімнің қоғамдық-философиялық дүниетанымдық көзқарастары, сан қилы өмір құбылыстары мен көріністеріне қатысты ой-сезімі дүниетанымдық көзқарастары, сан қилы өмір құбылыстары мен көріністеріне қатысты ой-сезімі, асыл армандары, көңіл-күйі, ынта-ықыласы бейнеленген, қоғамдық, әлеуметтік, философиялық, моральдық мәні бар».[2.22]

Шәкәрім философиясындағы орталық фигура-қоғамда өмір сүріп жатқан, тіршілік иесі- адам, оның тәрбиесі, оның жан-дүниесі. Қазақ ағартушылығына байланысты ойшыл адамның мәні, «оның табиғаты мен қызметі білімде, шындықтың мәнін білуде жатыр»деп есептеледі. Бірақ шындық адамға сезім түрінде берілмеген, адам шындықты тек таным көзімен ғана көре алады, себебі басты шындық адам жаратылысының мәні мен себептерінің ақиқатында жатыр. Бұл әдеттегі нәрсе, себебі «...адамның ақылы оны ойламай тұра алмайды және адам жаңа бір нәрсе көрсе, мұны кім жасаған, бұл неге керек демей қоймайды. Яғни таным жолымен сауалға жауап табар кезде сезім дәрменсіз болып қалады және қандай да бір мәнді нәрсе айта алмай қалады [3.64]. Сөйтіп, Шәкәрім ауқымды дүниетанымдық мәселелерді қарастырып, осы кезден олардың шешімін таба бастайды.

Бұл ағартушы айтып кеткендей мәселені терең де, жүйелі түрде шешу үшін зерттеуші «өзінің шыққан діні, оқыған-ұғынғаны, қалыптасқан әдеті, құмар ісі бәлендей жақсы кісі айтты деп нанып қалған сөзіне біржола байланып қалмай, ақылмен әбден шын босатып, сол екі жолдағылардың жазған кітап, айтқан сөз, қылған істері һәм оларға айтылған сөздердің бәрін қалыптасқан науқассыз сау ақылмен сынау керек».[1.181] Шәкәрімнің бұл ақылы келешек философтарға керек, себебі,философ қалыптасқан дүние танымның мәселелерін

ойлы көзбен қарап, өз білім дәрежесіне сай қорытынды шығарып, қоғамға дұрыс-бұрысын жеткізіп отыру керек. Философтың өзі тәуелсіз және еркін, өз бетінше ойлады. Ол өз бетінше пәлсапалық ету-қауіпті және екіталай іс екенін білмеді, кейін сол үшін өзі жауап берді. Бірақ Шәкәрім өзінің көп жылғы ізденістері мен зерттеулері арқасында пайда болған пікірлерін қорғады, оған жиырма сегіз жыл бойғы еңбегінің жемісі – «Үш анық» философиялық шығармасы мен оған қосымша саналған «Мұсылмандық шарт» және өзіндік философиялық Эссе “Мұсылманның жазбалары” дәлел бола алады. Бұл еңбектерінде әлемдік діни, философиялық және жаратылыстану-ғылыми әдебиеттерден оқыған – білгенін түйіндеп, өз заманына сай мәнді, мағыналы жаңалық жасайды.

Шәкәрім философиясы ақиқат сенім мен ғылымды, білім мен дінді салыстыруға құрылды. Діни догматикаға ол сыни көзбен қарады:

«Пәнші дейді: -Қайда тәңірі ?

Дінші дейді :- Менде тұр...

Ғылым нанды бес сезімге,

Дінші (теолог) адасты жолынан», – деген сыншыл ой қорытындысы ретінде берілген дүниетанымды көрсетеді.[3.29].

Тікелей Шәкәрім философиясы недентұрады, неге бағытталған деген сауалға келейік. Бұл жерде белгілі философиялық идеялар мен ережелерге сай түсіндіруге салу қиын, Шәкәрім идеяларының материалистік, идеалистік, антагонистік, позитивистік, рационалдық идеялар деп аталып, анықтапалуға келмейді. Бұл жерде қараңғы халық арасында орынын таба алмай жүрген, қоғамнан озық туған, өз заманында пікірлес, тұстас адам іздеген, халық көкірегін білім сәулесімен нұрландырып, бірақ көп нәтиже шығара алмаған, ұстазы сияқты «жалығу мен жабығу» күн кешкен мұңды Мұтылғанның ойларын қарастыру керек. Шәкәрім теологияның жан-жақты жақтаушысы. Оның философиялық көзқарасы ұзақ эволюциялық дамуды басынан кешірді. Алғашқы кезде Абай философиясындағы деистік көзқарас қызықтырды. Ол Ешқашан аргументпен торланған сенімнен гөрі кейде материалистік философиямен жаратылыстануға көбірек көңіл бөлді. Негізінде «енді біліп жаратқан ие де жоқ, өлген соң өмір де жоқ деген жолдың түбінде осы барлық әлем неден бар болды деген ойдан шыққаны мәлім болды», - дей отырып, мұны ашып көрсетті. Ол: ескі заман білімділері әр нәрсенің түпкі негізгі төрт нәрсе деп білген. Онысы су, от, топырақ, ауа,»-деп, дүние жаратылысы туралы пікір білдіреді. Кейін ғана ежелгі грек философиясының негізінде бұл элементтерді одан да ұсақ бөлшектерге бөлгенін айтады, олар мұның пікірінше европалықтарда атом, арабша мадда немесе әсер деп аталады. «Үш анық» ол материализм пайдасына бес мықты дәлел келтіреді.

Олардың өзі былай көрсетіледі:

I. Қайта айналыс жолы. Бұл – барлық нәрсенің дамуының циклдық табиғатын мойындаумен байланысты дәлел;

II. Жаратылыс жолы. Бұл дәлел мәніне қарай түрлердің эволюциялық мен жаратылыстың таңдауы туралы Ч. Дарвиннің іліміне бұрып тұрса да, Шәкәрім оның Литерия атты философияның атымен байланыстыруға бейім;

III. Тұқымдастық жолы. Бұл дәлелде Майеннің жердегі жануарлар мен өсімдіктер әлемінің көп түрлігі теңіз арқылы пайда болған деген идеяларды дәлелдейді;

IV. Дене сезімі. Шәкәрім материалистердің әрбір затты адамдардың сезім арқылы түсінеді деген оймен санаса алмайды. Ос жерде ол Бюхнерге сүйенеді, бірақ ол танымның жалғыз және сенімді көзі санаған Абай идеяларына әкеліп соғады;

V. Әр түрлік. Бір-біріне ұқсамайтын табиғат денелері мен заттарының «әр нәрсе қалай болса, солай кезі келгендіктің себептеріне қарай жаратылып жатыр, дегенге куәлік етеді. [5.148]. Бұл дәлел Демокритке сүйеніп жасалған.

Материалистердің пайдасынпа келтірілген осындай көп дәлелдері бола тұра Шәкәрім олардың сенімін қабылдап, позициясына көшуге асықпады. Оған әрдайым материалистік теория жан табиғатына, адам жанына аз назар аударатындай көрінеді. Қиындық жағдайлар кезінде неше түрлі жұлдызшылар, емшілер, көріпкелдер, әулелер, діни сиқыршылар және жай ғана пайда тапқысы келген ұсақ пайдакүнімдер шығатыны секілді, XX ғасырға аяқ басқан адамзат өркениетінде де әлеуметтік катаклизимдер мәдинет пен сананың терең күйзелісіне алып келген қоғам сынасында оккультизм дамыды. Шәкәрім бұл күңгірт, әрі тұрақсыз уақытты дұрыстусінбеуі мүмкін, бірақ қатаң ғылымнан оккультизмге өту кезеңі ол дәл байқады: «... Бұл біліп жаратушы ие жоқ деген жол XIX ғасырдың аяқ шеніне дейін Европа ішіне көбірек жойылды,»- деп жазды ол. «Үш анық» автордың буддистер іліміне сүйендігі де көрінеді.» [4.41] Адам жанының мәңгілігі айта келіп, бұл идеялар брахмандардың жан түрін өзгерте отырып, құрмет те, қиыншылық та көреді деген іліміне ұқсайтынын айтады. Оның ілімінше жан қасиеттері дененің қасиеттеріне ұқсамайды. Адам жанының мәңгілігі туралы айта келіп, бұл идеялар брахмандардың жан түрін өзгерте отырып, құрмет те, қиыншылық та көрінеді деген іліміне ұқсайтының айтады. Оның ілімінше жан қасиеттері дененің қасиеттеріне ұқсамайды. Дене қанша өзгерсе де, жан өзгеріссіз қалады. Яғни, «жан денеше бір бұзылып, бір түзелмей, бірте-бірте жоғарлауына қарағанда, зор қасиетке ие болуы байқалады. Шәкәрімнің шындық концепциясы «ұждан» категориясын баса айтуға бағытталады. «Адам ынсап, әділет, мейірім-үшеуін қосып айтқанда мұсылманша ұждан, орысша совесть бар» [2.48] Ондан кейін ұжданға не екенің, оның қайдан шыққаның

түсіндіре отырып, «мен сол ұждан қайдан шығып тұр десем, оған жауап жоқ сияқты,» - деп өзінің дәлелді жауап бере алмайтының көрсетеді. Демек, «совесть»- жанның тілегі. Неге десеңіз, жан тіпті жоғалмайтын, бұзылмайтын нәрсе, барған сайын жоғарлайтын нәрсе. Сондықтан тезірек жоғарылауға себеп керек қылады». Яғни жан- мәңгілік, өзінің ерекше қасиеттері бар, ол кемелденуге, жоғарлануға мүмкіндігіне сенетін адамның ғана ұжданы бар. Сол ғана өзінің өмірде істеген зұлымдықтарына қинала алады, ал қайырымдылықтарына қуана алады. Керісінше, өлімнен кейінгі өмірге сенбейтін адамға ұждан жан екі өмірге бірдей керек таным екеніне сене алмаған кісінің жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір заң жол тазарта алмайды», керісінше «бір адам жанның өлгеннен соңғы өмірі мен ұжданның соның азығы екеніне әбден нанса, оның жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір нәрсе қарайта алмайды. Адам атаулыны бір бауырдай қылып, екі өмірде де жақсылықпен сүргізетін жалғыз жол – осы мұсылмандық жолы сияқты». [6.112]Сөйтіп, Ш. Құдайбердіұлының табиғат қарым-қатынастарының жаратушысы ие, мәңгілік жан мен ұждан турал барлық күрделі сауалдарына берген жауаптарын қорытындылай отырса, онда оның уақытында екі ақиқат болады: болмыс және оның мәні. Ол бұл шындықтың адамды бұзық моральдық ойлармен, істермен тазарта алмайды деп етіп, оларды өзі 30 жыл шамасында (1898-1928) қарталы еңбекпен іздеп табу шындығымен алмастыруды сұрайды. Бұл шындық себеп барлық әлемді жанның мәңгілігі мен ұжданы, жаратушыны мойындаумен байланысты. Сондықтан «Шәкәрімнің барлық үш анығын осы анықтамаға кіргізуге болады».[4.155]Оның айтуынша, бірінші анық-жаратушы мен жанның мәңгілігіне сенім. Бірақ бұл шындық сенімге сүйенгендікен және ешқандай ғылыми негіз алмағандықтан көп адамдар оны қабылдамады. Екінші анық-реционалдық ойлау мен сезімдік қабылдауға құрылған. Бірақ ғылымның дәлелдері бір жақты болмады. Сондықтан олар кейінгі өмірде дамымай қалады, сол себепті оны адам жанының бастауы ретінде түсіндіре алмады. Үшінші анық-жан, ал ұждан оның субстанциялық негізін түсіндіреді. Ұждан жанның алғашқы қажеттілігі ретінде, моральдық ластықтан тазалап, адамды түзу жолға салатын шындық. Сондықтан Шәкәрімжанның мәңгілігі мен оның өзгеру қасиетін адамның бақытқа жету шарттары ретінде қарастырып, осы анықты негіздеу үшін бар күшін салады.

Шәкәрімнің үш анығын былай да қарастыруда болады:

- бірінші анық- материалистік дүние таным,
- екінші анық- діни дүниетаным,
- үшінші анық- ұждан.

Осы теория философтардың арасында қолдау тапқан теория. Бірақ ойшыл «Мұтылғанның өмірі» философиялық эссесінің мазмұнынан үш анықты философияның

адамның моральдық рухани кемелденуіне бағытталғанын көреміз. Шәкәрімнің бұл философиялық шығармасынан басқа мазмұндағы өлеңдері де болды, олар: «Дүние мен өмір», «Тау басындағы ой», бұл кездегі діндердің бәрі нашар», «Тәңірі мен жол» т.б. Бұл өлеңдері мен басқада тарих, психологиялық еңбектерін қарай отырып, оныңбүкіл өмірінің кредосы секілді «Үш анығын» басқаша іздеуге болады, бірақ ол сайып келгенде «білім, еңбек, терең ой» соғатыны белгілі. Оның еңбектері өз заманына сай жазылғанымен, қазір де ешқандай маңызын жоғалтқан жоқ, қайта қазақ халқы тарихының әр кезеңгі көзқарастарының, дүние танымының жарқын куәсі ретінде жарыққа шығып, танылды. Бұл ретте қазақ халқының экономикалық, әлеуметтік, қоғамдық жағдайларын көрсететін «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» үлкен роль атқарады. Шәкәрімнің «үш анық» шығармасындағы бейнеленген ойларға қорытынды жасай келе, менің ойымша, адамның жақсы өмір сүруінің негізі-адал еңбек, адамгершілік сана, жылы жүрек». Міне бәрінің үстінен қарайтын нәрсе. Оларсыз дүниеде бейбітшілік пен келсімге келу мүмкін емес деп ойлаймын. Әрине, бір мақала көлемінде Шәкәрімді толық танып білу мүмкін емес. Мүмкін үш анық осы шығар. Не дегенмен де Шәкәрім адамды зұлымдық пен жаман ойдан аластату жолын іздеуден тынбады. Ол бұл сұраққа жауап табу үшін екі шартты орындау керек деді: «Мемлекеттің басшылары әділетті, ақылды, пайда ойламайтын адам болу керек». Екінші: «Адамдарды еңбектенуге үйрету керек, оларға білім беру керек; Адам тәрбиесі процесінде ұждан ғылымын қосу керек. Бұл үшін ақылдылар ойлау керек. Олар бәріне ортақ тәртіптің теориясын жасау керек». Дегенді тұжырымдап көрсетті. Шәкәрім шығармаларынан көретініміз, соның ішінде оның философиялық идеясының орталық фигурасы- адамды тәрбиелеуге құрылғандығын көреміз. Өткен ғасыр басында өмір сүрген қайталанбас тұлғалардың шығармашылық рухын зерделеу, ұлт мүдесі үшін жасаған еңбектерін айту қасиетті әрі басты парызымыз. Шәкәрім Құдайбердиевтің бейнесі, оқу- білімге шақырған үні жадымызда сақталып, ұрпақтан ұрпаққа өз жалғасын тауып, жете беруі тиіс деп ойлаймын. Шәкәрім Құдайбердінің қайталанбас туындылары мен, әрбір зиялы адам үшін қажетті ойларымен, өмірлік ұстанымымен, қазақ мәдениетінен өзіндік ерекше орынды иеленеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қасабеков А.Қ. Қазақ философиясы дамуының кейбір ерекшеліктер. //Философия сериясы. - 1993 ж. - №2. – Б.181
2. Құдайбергенов Б. Қ. Шәкәрімнің философиялық- әлеуметтік ізденістері.// Философия сериясы. - 1993 ж. - №2. – Б. 22-48

3. Құдайбердіұлы Ш. Мұсылмандық шарттары. -А, 1993 ж. – 125 б.
4. Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. –Алматы, 1998 ж. – 452 б.
5. Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. -А, 1991ж.-148 б.
6. Кішібеков Д., Сыздықов Ұ. Философия. -А, 1994ж.-112 б.

ҒТАМР 02.71

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ДІНИ АХУАЛ ХАҚЫНДА

А.Т. МӘДЕН, А.Қ. ҚОЙМҰРАТ

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қаласы,
Қазақстан*

Аңдатпа. Мақалада Ақтөбе облысындағы қазіргі діни ахуал, өңірде өткен ғасырдың 90-жылдардың басында дәстүрлі емес діни ұйымдардың пайда болу тарихы, қазіргі уақыттағы діни білім беру, дінтанушы мамандарды дайындау мәселелері қарастырылады.

Түйін сөздер: дін, діни ахуал, діни ұйым, діни білім, дінтану.

Аннотация. В статье рассматриваются современная религиозная ситуация в Актюбинской области, история появления нетрадиционных религиозных объединений в начале 90-х годов, преподавание религиозного образования, а также проблема подготовки специалистов-религиоведов.

Ключевые слова: религия, религиозная ситуация, религиозное объединение, религиозное образование, религиоведение.

Annotation. The article discusses the contemporary religious situation in the Aktobe region, the history of the emergence of non-traditional religious associations in the early 90s, the teaching of religious education, as well as the problem of the training of religious experts.

Key words: religion, religious situation, religious association, religious education, religious studies.

Қазіргі таңда Ақтөбе облысы еліміздегі экономикасы қарыштап дамып, халқының саны күннен-күнге өсіп келе жатырған өңір. Өңірдің дамуының негізгі драйвері Ақтөбе қаласы болып табылады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың өзі Ақтөбені еліміздегі тұрғындары миллионнан асуы тиіс қалалар қатарына қосып, орнын айқындап берді. Облыстың халқының саны артқан сайын оның діни сипаты да алуан түрлі болатындығы түсінікті. Бұл жағдайға өңіріміздің өркениеттер қиылысында, әртүрлі этникалық, экономикалық, саяси, мәдени процестердің астасып жатқан аймағында орналасуы да ықпал ететіндігі сөзсіз. Сондықтан, бүгінгі мақаламызда облысымыздағы осы діни ахуалға шолу жасауды мақсат етіп отырмыз.

Ақтөбе облысының дін істері басқармасының 2018 жылдың II-тоқсанына арналған есебіне сенсек, бүгінгі таңда Ақтөбе облысы аумағында 10 конфессияны қамтитын 91 тіркелген діни бірлестіктер мен филиалдар қызмет атқаруда. Олардың 67-сі мұсылман